



**WNHS**  
**UKSW**

Wydział Nauk Historycznych  
**UNIwersytet Kardynała**  
**Stefana Wyszyńskiego**  
w Warszawie

Cardinal Stefan Wyszyński University in Warsaw, Faculty of History,  
ul. Wóycickiego 1/3, 01-938 Warszawa  
[www.uksw.edu.pl](http://www.uksw.edu.pl)

Варшава, 29 IX 2025

## ОТЗЫВ

зарубежного научного консультанта на диссертационную работу  
Шотаева Мади Турсынбековича, по теме:  
**«Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің партиялық  
қорларындағы «ерекше папкалардың» құжаттары: тарихи-  
архивтанулық зерттеу (1937–1991)»** (Документы «особых папок»  
партийных фондов Архива Президента РК: историко-архивоведческое  
исследование (1937-1991)), представленной на соискание ученой степени  
доктора философии PhD по специальности 8D03205 – «Архивоведение,  
документоведение и документационное обеспечение»

Представленная на оценку работа посвящена специальным делам из  
архива Коммунистической партии, хранящегося в Архиве Президента  
Республики Казахстан. Содержание работы отражает как архивный аспект,  
в виде анализа архивных фондов, так и источниковедческий аспект (доступ,  
источниковая ценность). Хронологические рамки работы очень велики и  
охватывают 1937-1991 годы. Структура диссертационной работы состоит из  
введения, трех глав, заключения, списка использованной литературы и  
приложений. Надо отметить что работа основана на 209 научных работах и  
источниках.

Первая глава рецензируемой работы (ҚР Президенті Архивіндегі  
партиялық құжаттар және оларды ғылыми айналымға енгізу мәселелері)  
анализирует партийные документы, находящиеся в Архиве Президента  
Республики Казахстан, и вопросы их введения в научный оборот. Среди

анализируемых проблем находим: появление партийных документов и хранение их в архивах, структуру специальных дел, использование партийных документов и введение их в научный оборот.

Центральный Комитет Коммунистической партии Казахстана входил в состав Центрального Комитета Коммунистической партии, важнейшего органа власти на территории СССР. На своем уровне он проводил всю работу по реализации политики Коммунистической партии на уровне республики, области, города и района. Теоретически он руководствовался Программой и Уставом Коммунистической партии Союза Советских Социалистических Республик, но в действительности действовало множество неписанных правил. На практике полномочия осуществлялись органами партии и специальными службами. Автор правильно акцентирует внимание на периоде 1927-1991 гг., когда партийные архивы функционировали как элемент тоталитарной системы.

Автор проанализировал казахскую и русскоязычную научную литературу, а также архивные источники о появлении и роли «особых папок». Он также использовал несколько работ из других стран. Автор приходит к выводу о том, что документы «особых папок» ЦК Коммунистической партии Казахстана имеют решающее значение для отражения политической, социальной и экономической истории Казахстана в указанный период. К сожалению, использование документами «особых папок» было ограничено. После падения советской власти в 1991 году в постсоветских странах началась акция по рассекречиванию документов Коммунистической партии Советского Союза. После роспуска партийных органов и передачи их документов в государственный архивный фонд перед архивистами встала задача обработки огромной массы секретных документов. Автор проследил прогресс введения партийных документов в научный оборот.

Архивные вопросы исследования «особых папок» обсуждаются во второй главе научной работы (Архивные вопросы, связанные с исследованием «особых папок»). В работе всесторонне рассматривается вопрос о составе и описании документов «особых папок», хранящихся в партийных фондах ЦК Коммунистической партии Казахстана. В первом подпункте второй главы дается обзор истории и деятельности ЦК Компартии Казахстана как фондообразователя, обсуждаются особенности делопроизводства, раскрываются и описываются состав документов «особые папки» по номинальным признакам. Автор утверждает, что историки при рассмотрении вопросов, поднятых в документах «особых папок», могут выделить темы, важные для исследуемого периода с точки зрения партийного руководства. Это поможет исследователям сориентироваться в общественно-политической истории Казахстана в советское время и восстановить память об исторических фактах.

Очень важным достижением автора является изучение перечней дел из «особых папок» ЦК Партии Казахстана. Это потребовало перестройки системы документооборота и системы партийного архива. В своем исследовании автор реконструировал процесс создания комплекта документов «Особых папок». Он констатировал, что при формировании особо важных дел не соблюдались не только «правила функционирования государственных архивов», но и «правила функционирования партийных архивов». Эти документы предназначались только для удовлетворения информационных потребностей партийного руководства.

В последней главе (Информационная ценность «Особых папок» в изучении истории Казахстана XX века) автор представляет источниковую ценность рассмотренных архивных материалов. Он выделил и проанализировал три ключевые темы, которые должны быть исследованы с помощью «особых папок»: 1) принудительное переселение людей в Казахстан в 1937-1954 годах; 2) политика ЦК Компартии Казахстана в

отношении перемещенных лиц из Китайской Народной Республики; 3) политика руководства Коммунистической партии в отношении населения Казахстана в Казахстане. Главный исследуемый период охватывает Вторую мировую войну (1939-1945) – от вторжения красной армии в Польшу до капитуляции Третьего рейха. Таким образом, труд является важным подспорьем в исследованиях других историков, своеобразным путеводителем.

На структуру третьей главы складывается три части: в первой анализировались и описывались документы «особых папок» как исторические источники; во второй – документы протокольной части «особые папки» были классифицированы по содержанию и классифицированы по группам; в третьей – документы секретного отдела «особых папок» сгруппированы по корреспондентскому признаку и содержанию.


На наш взгляд, особую ценность диссертационной работы представляет введение в научный оборот источников, рассмотренных в ходе работы, анализ документов, которые ранее не использовались. В целом можно сделать вывод, что в процессе работы были достигнуты как основные, так и промежуточные цели диссертации. Диссертационная работа является еще одним важным шагом на пути к возвращению казахской нации и государству его собственной истории.

Следует отметить включение зарубежных исследований. Прежде всего, я имею в виду материалы конференции в Варшаве в 1995 году (*Архивы бывших коммунистических партий в странах Центральной и Восточной Европы: Сб. материалов междунар. конф. (Стара Весь, 28 сент. — 1 окт. 1995 г.).* Варшава, 1996). Конечно, возможности сравнительного исследования гораздо шире как с точки зрения архивоведения, так и источниковедения. Это постулат к дальнейшим

исследованиям, а возможно, уже и к использованию при подготовке работы к публикации.

Я вполне убежден, что диссертация соответствует требованиям, установленным Комитетом по обеспечению качества в сфере науки и высшего образования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан. Рекомендую принять рассмотренную диссертацию к защите на соискание ученой степени доктора философии PhD по специальности 8D03205 – «Архивоведение, документоведение и документационное обеспечение»

С почтением



проф. Артур Горак,  
Университет Кардинала Стефана Вышинского  
в Варшаве, Польша

Шотаев Мәди Тұрсынбекұлының 8D03205 – «Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» мамандығы бойынша философия PhD докторы ғылыми дәрежесін алуға ұсынылған **«Қазақстан Республикасы Президенті Архивінің партиялық қорларындағы «ерекше папкалардың» құжаттары: тарихи-архивтанулық зерттеу (1937–1991)»** тақырыбындағы диссертациялық жұмысына шетелдік ғылыми кеңесшісінің

### ШІКІРІ

Бағалауға ұсынылған жұмыс Қазақстан Республикасы Президентінің Архивінде сақтаулы Коммунистік партия архивіндегі арнайы істерге арналған. Жұмыстың мазмұны архив қорларын талдау түріндегі архивтанулық аспектісін де, деректану аспектісін де (қолжетімділік, дереккөз құндылығы) қамтыған. Жұмыстың хронологиялық шеңбері өте үлкен және 1937-1991 жылдарды қамтиды. Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жұмыстың 209 ғылыми еңбек пен дереккөздерге негізделгенін айта кету керек.

Бағаланатын жұмыстың бірінші тарауы (ҚР Президенті Архивіндегі партиялық құжаттар және оларды ғылыми айналымға енгізу мәселелері) Қазақстан Республикасы Президенті Архивіндегі партиялық құжаттарды және оларды ғылыми айналымға енгізу мәселелерін талдайды. Соның ішінде келесі мәселелерді кездестіреміз: партиялық құжаттардың пайда болуы және олардың архивтерде сақталуы, арнайы істердің құрылымы, партиялық құжаттарды пайдалану және оларды ғылыми айналымға енгізу.

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті КСРО аумағындағы ең маңызды билік органы – Коммунистік партияның Орталық

Комитетінің құрамына кірді. Ол республика, облыс, қала және аудан деңгейінде Коммунистік партияның саясатын жүзеге асыру бойынша барлық жұмыстарды жүргізді. Теориялық тұрғыдан ол Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы Коммунистік партиясының Бағдарламасы мен Жарғысын басшылыққа алды, бірақ іс жүзінде көптеген жазылмаған ережелерге бағынышты болды. Іс жүзінде өкілеттіліктерді партиялық органдар мен арнайы қызметтер жүзеге асырды. Автор партиялық архивтер тоталитарлық жүйенің элементі ретінде қызмет еткен 1927-1991 жылдар кезеңіне дұрыс назар аударады.

Автор қазақ және орыс тілдеріндегі ғылыми әдебиеттерді, сондай-ақ «ерекше папкалардың» пайда болуы мен рөлі туралы архивтік дереккөздерді талдады. Ол сонымен қатар басқа елдердің бірнеше туындыларын пайдаланды. Автор Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкаларының» құжаттары көрсетілген кезеңдегі Қазақстанның саяси, әлеуметтік және экономикалық тарихын бейнелеуде өте маңызды деген қорытындыға келеді. Өкінішке орай, «ерекше папкалар» құжаттарын пайдалануына шектеу қойылды. 1991 жылы Кеңес үкіметі құлағаннан кейін посткеңестік елдерде Кеңес Одағы Коммунистік партиясының құжаттарын құпиясыздандыру науқаны басталды. Партиялық органдар таратылып, олардың құжаттары мемлекеттік архив қорына тапсырылғаннан кейін архившілердің алдында орасан зор құпия құжаттарды өңдеу міндеті тұрды. Автор партиялық құжаттардың ғылыми айналымға енгізілу барысына шолу жасайды.

«Ерекше папкаларды» зерттеудің архивтік мәселелері ғылыми жұмыстың екінші тарауында талқыланады («ерекше папкаларды» зерттеуге байланысты архивтік мәселелер). Жұмыста Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің партиялық қорларында сақталатын «ерекше папкалар» құжаттарының құрамы мен сипаттамасы туралы мәселе жан-жақты қарастырылған. Екінші тараудың бірінші тармақшасында Қазақстан

Компартиясы Орталық Комитетінің қор құрушы ретіндегі тарихы мен қызметіне шолу жасалады, іс-қағаздарын жүргізудің ерекшеліктері талқыланады, «ерекше папкалар» құжаттарының құрамы номиналды белгілері бойынша ашылады және сипатталады. Автор, «ерекше папкалар» құжаттарында көтерілген мәселелерді қарастыра отырып, тарихшылар партия басшылығы тұрғысынан зерттелетін кезең үшін маңызды тақырыптарды бөліп көрсете алады деп тұжырымдайды. Бұл зерттеушілерге кеңестік кезеңдегі Қазақстанның қоғамдық-саяси тарихын саралауға және тарихи фактілерді қалпына келтіруге көмектеседі.

Автордың өте маңызды жетістігі – Қазақстан Партиясы Орталық Комитетінің «ерекше папкалар» істер тізімдемесін зерделеу. Бұл партиялық құжат айналымы жүйесі мен архив жүйесін қайта қарастыруды қажет етті. Автор өз зерттеуінде «ерекше папкалар» құжаттар кешенінің қалыптасу процесін қайта құрастырды. Ол ерекше маңызды істерді қалыптастыру кезінде «мемлекеттік архивтердің жұмыс істеу ережелері» ғана емес, «партиялық архивтердің жұмыс істеу ережелері» де сақталмағанын мәлімдеді. Бұл құжаттар тек партия басшылығының ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған еді.

Соңғы тарауда (XX ғасырдағы Қазақстан тарихын зерттеудегі «ерекше папкалардың» ақпараттық құндылығы) автор қарастырылған архивтік материалдардың деректік құндылығын сараптайды. Ол «ерекше папкалар» құжаттарындағы үш негізгі тақырыпты бөліп, талдады: 1) 1937-1954 жылдары Қазақстанға адамдарды мәжбүрлеп көшіру; 2) Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Қытай Халық Республикасынан қоныс аударған адамдарға қатысты саясаты; 3) Коммунистік партия басшылығының Қазақстан халқына қатысты саясаты. Зерттелетін негізгі кезең Екінші дүниежүзілік соғыс (1939-1945) – Қызыл Армияның Польшаға басып кіруінен Үшінші рейхтің берілуіне дейінгі уақытты қамтиды.

Осылайша, еңбек басқа тарихшылардың зерттеулерінде маңызды көмекші, өзіндік жол көрсетуші болып табылады.

Үшінші тараудың құрылымы үш бөлімнен тұрады: біріншісінде «ерекше папкалардың» құжаттарын тарихи дерек көздері ретінде талдап, сипаттайды; екіншісінде – «ерекше папкалар» хаттамалық бөлімінің құжаттары мазмұны бойынша жіктеліп, топтарға бөлінеді; үшіншісінде – «ерекше папкалар» құпия бөлімінің құжаттары корреспонденттік белгілері мен мазмұны бойынша топтастырылған.

Біздің ойымызша, диссертациялық жұмыстың ерекше құндылығы жұмыс барысында қарастырылған дереккөздерді ғылыми айналымға енгізу, бұрын қолданылмаған құжаттарды талдау болып табылады. Жалпы, жұмыс барысында диссертацияның негізгі және аралық мақсаттарына қол жеткізілді деген қорытынды жасауға болады. Диссертациялық жұмыс қазақ ұлты мен мемлекетіне өз тарихын қайтару жолындағы тағы бір маңызды қадам болып табылады.

Шетелдік зерттеулердің қосылуын айта кету керек. Мен, ең алдымен, 1995 жылы Варшавада өткен конференция материалдарын айтып отырмын (*Архивы бывших коммунистических партий в странах Центральной и Восточной Европы: Сб. материалов междунар. конф. (Стара Весь, 28 сент. — 1 окт. 1995 г.)*. Варшава, 1996). Әрине, салыстырмалы зерттеудің мүмкіндіктері архивтанулық тұрғысынан да, деректанулық тұрғысынан да әлдеқайда кең. Бұл келешектегі зерттеулерге, мүмкін, тіпті қазірдің өзінде жұмысты баспаға дайындау кезінде пайдалануға арналған постулат.

Мен диссертацияның Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті белгілеген талаптарға толық сәйкес келетініне сенімдімін. Қарастырылған диссертацияны 8D03205 – «Архивтану, құжаттану және құжаттаманы басқаруды қамтамасыз ету» мамандығы

бойынша философия PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін қорғауға қабылдауды ұсынамын.

Құрметпен,  
/қолы бар/  
проф. Артур Горак,  
Кардинал Стефан Вышинский университеті  
Варшава, Польша